

ПРИОЗЕРСКИЙ Вестник

18+

№ 21/769

2022 жылғы 27 мамыр, жұма

Газет 2004 жылдың 26 маусымынан бастап шығады

Конституция 2022


Последний звонок

ӨЗ БОЛАШАҒЫҢҒҰШІН ДАУЫС БЕР!



Заң түзеп алмай, қоғамды түзеу бекершілік екені белгілі. Жаңа Қазақстанды жаңғыртуды Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың конституциядан бастауы әділеттіліктің нышаны деп қабылдадық. Өзі айтқандай, бұл түзетулердің тарихи маңызы бар. Мемлекет басшысы Қазақстан халқы Ассамблеясының «Ел бірлігі – жаңарған Қазақстанның тірегі» атты XXXI сессиясына қатысқанынан хабарымыз бар. Қаңтар оқиғасы көрсеткендей, біздің ел үшін татулық пен бейбітшілік маңызды құндылық. Бұл ретте халықтың ішкі бірлігі мығым болуы тиіс. Қасіретті жайттар қайталанбауы үшін Президент тонның ішкі бауындай селбесуге шақырды. Осы тұста бұқара арасында айтылып жүрген ассамблеяға қатысты көзқарастарды да нақтылаған жөн. Ендігі ретте бұл ұйымның да қоғамды ұйыту мақсатында көрінгені абзал деп санаймыз. Себебі, Жаңа Қазақстанның ілгерілеуі үшін этностар да белсенді болуы аса қажет.

Жалпы осы уақытқа дейін түрлі өзгерістер болды. «Елу жылда ел жаңа» демекші, қала мен ауыл да, саясат пен мәдениет те, сол сияқты Ата заң бұған дейін де талай рет өзгерген. Бірақ бұл өзгерістің өңі де мәні де ерекше. Өйткені халықпен етене байланысы бар. Қарапайым халықтың пікірін сұрайтын, ел-жұртпен санасатын өзгеріс.



Парламент карауына ұсынып, депутаттардың «бір ауыздан» мақұлдауымен келе жатқан еді отыз жыл бойы. Ал енді Жаңа Қазақстан, әділ Қазақстан деп жатқанымыздың кепілі – халық. Жаңару. Бұған дәлел «Өзірленген түзетулердің тарихи маңызы бар. Біз мемлекеттіміздің даму жолындағы жаңа кезеңге қадам басқалы тұрмыз», – деді Президент Қазақстан халқы Ассамблеясының «Ел бірлігі – жаңарған Қазақстанның тірегі» атты XXXI сессиясында.

Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу біз үшін тансық дүние емес қой. Ата заң бұған дейін де талай рет өзгерген. Бірақ, ешкім қарапайым халықтың пікірін сұраған жоқ. Шыны керек, осы жолы да солай болады деп ойлағам. Бірақ Қасым-Жомарт Тоқаев ҚХА сессиясында Ата заңға енетін өзгерістерді жалпы халықтың таңдауына беріп, референдум өткізуді ұсынды. Мемлекет басшысы өз ұсынысында «Біз Екінші Республиканы бірге құрамыз, Жаңа Қазақстанды бірге өркендетеміз! Әр азаматқа бірдей мүмкіндік беретін әділ әрі дамыған мемлекет боламыз!» деп атап өтті.

Ендігі сөз бен таңдау халықтың өз қолында. Мемлекеттің, халықтың, ұрпағымыздың болашағын ойлайтын, өздерінің тағдырына бейжай қарамайтын, жаңа да, еңселі елдің, Жаңа Қазақстанның қамын күйттеген халық 5-маусымда өтетін Республикалық референдумға жаппай қатысып, өз дауыстарын өздерінің болашағы үшін береді деп үміттенемін!

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,
Қазақстан жазушылар Одағының,
ҚР журналистер Одағының мүшесі,
ақын.

Сүйінші!

ЖАРАЙСЫҢДАР, ЖЕРЛЕСТЕР!

2022-жылдың 19-29-мамыр күндері аралығында Алматы қаласында өтіп жатқан ерлер мен әйелдер, жасөспірімдер, ұлдар мен қыздар және ардагерлер арасындағы Пауэрлифтингтен Ашық Әлем Чемпионатына біздің Приозерск қаласының құрама командасы қатысып жүлделі орындарға ие болды.

барлық санаттар арасындағы абсолютті Әлем Чемпионы атанды. Қошанова Бақыткүл мен Горяева Александра бірінші орын, Алмаз Оспанов екінші орын және Курац Венера орынға ие болды. Сонымен қатар жүлделі орынға ие болған спортшыларымыз Әлем Чемпионы атанды.

Жүлделі орынға ие болған және қаламыздың мәртебесі мен абыройын асқақтатып, әлемге танытқан спортшыларымызды, олардың жаттықтырушылары мен ата-аналарын шын жүректен құттықта, алдағы уақытта бұдан биік белестерден көріне берулеріне қала тұрғындары атынан шынайы тілектестігімізді білдіреміз!



Әлем Чемпионатының қортындысы бойынша жүлделі орынға ие болғандар: Айтас Оспанов бірінші орын және

Н.АЛТЫНБАЙҰЛЫ.
Суретте: чемпиондар.

В ДОБРЫЙ ПУТЬ !

Сегодня для выпускников средних школ звучит последний звонок, который является заключительным в школьной жизни. Это ответственный период, когда в жизни человека начинается новый этап, связанный с одним из самых важных экзаменов в жизни, выбором будущей профессии и вхождением в самостоятельную жизнь. И в этом решающую роль будут играть приобретенные вами



знания в школе.

Дорогие выпускники, Вы – самый дорогой и ценный человеческий капитал, от которого зависит процветание Казахстана. Впереди целая жизнь, в которой будут оцениваться умение оставаться человеком, знания, доброта, отношения с людьми, значительность избранной профессии.

Хочу пожелать вам дальнейших успехов. Верьте в свои силы, достигайте поставленной цели и воплощайте самые смелые проекты!

С уважением,
Акима города Приозерск
Сапар Сагаев



Городские будни

ВСТРЕЧИ С ЖИТЕЛЯМИ ГОРОДА

24 - 25 мая 2022 года в городе Приозерск прошли встречи с жителями домов по улице Достык, д.24 и Б.Момышулы, д.3-9, организованные представителями акимата города, городских организаций и учреждений.

На вопросы жителей разъяснения давали заместитель акима города Сагынбек Бейскеев, депутаты городского маслихата, участковые инспекторы и представители КСК. Во время встречи была построена конструктивная диалоговая площадка по



наиболее актуальным вопросам граждан, касающихся благоустройства города и дворовых территорий.

Также в рамках встречи жители были ознакомлены с порядком проведения республиканского референдума, который состоится 5 июня 2022 года, а также по вопросам планируемых изменений в Конституции РК.

Источник:
<https://www.facebook.com/akimat.priozersk>

КОНСТИТУЦИЯ 2022

5 ИЮНЯ РЕСПУБЛИКАНСКИЙ РЕФЕРЕНДУМ

ВМЕСТЕ ПОСТРОИМ НОВЫЙ КАЗАХСТАН!

НЕБЕСНЫЙ ЩИТ СОДРУЖЕСТВА

Противоракетная оборона стран СНГ ковалась в балхашской степи

Москва-10, Ташкент-91, поселок городского типа Коктас — что объединяет все эти населенные пункты на географической карте? А то, что под этими названиями ранее из соображений секретности скрывался небольшой городок, который в настоящее время именуется Приозерском. И на протяжении вот уже около 66 лет здесь испытываются грозные системы вооружения, призванные отразить страшные удары из космоса. История 10-го государственного испытательного полигона Минобороны РФ, неразрывно связанного с существованием Приозерска, наглядно представлена в музее Дома офицеров, стоящего на центральной городской площади.



С уникальными экспонатами, собранными здесь, нам удалось познакомиться благодаря ветерану Вооруженных Сил Казахстана Тлеку Кенжебекову. Ныне старший сержант запаса, отдавший службе в армии около 20 лет, находится на заслуженном отдыхе, но при этом не прекращает вести активную общественную деятельность — заботится о социально-бытовых нуждах своих сослуживцев-пенсионеров, занимается патриотическим воспитанием подрастающего поколения. Под его руководством несколько лет существует военно-патриотический клуб «Юный артиллерист», над которым шефствует войсковая часть 06708 регионального командования «Астана». Также он возглавляет городской совет ветеранов. Тлек-ага, как его уважительно называют местные жители, знают и маленькие ребятишки и взрослые — когда он идет по улице, то рядом с ним останавливается каждый второй прохожий, чтобы спросить, как здоровье, как обстоят дела в семье.

Именно Тлек-ага посоветовал обратиться к полковнику запаса Эдуарду Анатольевичу Накидалюку, который является директором приозерского Дома офицеров. В ракетных войсках стратегического назначения и ПВО он прослужил 32 года, о полигоне, которому посвятил всю сознательную



жизнь, этот человек может рассказывать часами. В музее представлено множество интересных экспонатов — это и обломки сбитых мишеней, и рассекреченная документация, повествующая об испытаниях многочисленных противоракетных комплексов, и макеты боевых «изделий» (противоракет системы ПРО), и образцы авиационной техники (катапультируемые кресла советских перехватчиков, беспилотные летательные аппараты), и средства связи, и многое другое. Здесь можно узнать о биографиях и подвигах выдающихся советских конструкторов, которые в короткие сроки обеспечили паритет Советского Союза со странами НАТО в гонке ядерного вооружения — это Петр Грушин, Григорий Кисунько (его имя носит одна из центральных улиц Приозерска), Александр Расплетин, Борис

Бункин, Сергей Непобедимый. А генеральный конструктор ОКБ-301 Семен Лавочкин (создатель прославленных советских истребителей) даже скончался от сердечного приступа на полигоне во время создания системы противовоздушной обороны «Даль».


Как рассказывает Эдуард Анатольевич, решение о создании 10-го испытательного полигона в степях малонаселенного Центрального Казахстана было принято 30 июля 1956 года. Приказ об этом отдал маршал Советского Союза Георгий Константинович Жуков. Размах полигона впечатлял. Его площадь составила 81 200 квадратных километров, что сопоставимо с суммарной территорией таких европейских государств, как Бельгия и Нидерланды. Административным центром испытательной площадки

стал вновь построенный на берегу озера Балхаш город Приозерск. С тех пор его неформально называли родиной системы



противоракетной обороны СССР. Именно здесь ковался небесный щит, в настоящее время ставший основой системы объединенной ПРО стран Содружества — Казахстана, России и Белоруссии. Более того, на основе комплексов, проходивших испытания в балхашских степях, был создан непревзойденный трехъярусный пояс ПРО Москвы, аналогов которому не существует в мире и по сей день.

Первым шагом к появлению «противоракетного зонтика», способного перехватить и уничтожить любую цель, угрожающую безопасности стран СНГ, стало создание уникальной отечественной противоракеты В-1000, сконструированной под руководством Петра Грушина. Она была двухступенчатой, с самым мощным в мире твердотопливным ускорителем и управляемой второй ступенью с жидкост-



ным ракетным двигателем. Средняя скорость противоракеты составляла 1000 м/с. Система управления обеспечивала маневрирование с требуемыми перегрузками и могла осуществлять перехват цели на высотах до 25 км. Противоракета была оснащена осколочной боевой частью конструкции Константина Козоредова (в последующем известного ученого, разработчика боевых частей ракет, взрывных устройств для накачки сверхмощных фотодиссационных



лазеров, методики моделирования СВЧ разряда в атмосфере с помощью взрыва). В качестве поражающих элементов использо-

вались десятки тысяч шариков с запрессованными внутри зарядами взрывчатого вещества, а в центре заряда располагались другие плотные высокопрочные шарикоменьшего диаметра.

Сейчас же на боевом дежурстве стоят более совершенные системы вооружения.

Назначение полигона — испытания современных и перспективных средств противосамолетной, противоракетной и ракетно-космической обороны. Здесь испытаны комплексы С-75 (доработан для стрельбы по высоколетящим целям на высотах свыше 20 км). Именно таким ЗРК в мае 1960 год в стратосфере под Свердловском был сбит самолет-шпион U-2 под управлением пилота Фрэнсиса Паурса, в результате чего тот попал в плен. А в 1967 году во Вьетнаме ракета комплекса «приземлила» штурмовик «Skyhawk», который пилотировал впослед-

ствии известный политик Джон Маккейн (тоже провел в плену более пяти лет). Также на полигоне в Сары-Шагане полный цикл испытаний прошли системы С-200 и С-300. С-200 — это противосамолетный комплекс с радиолокационной головкой самонаведения, дальность поражения — 200 и более км. То же касается всех модификаций комплекса С-300. В странах Содружества на вооружении состоит его экспортный вариант, то есть тактико-технические характеристики отличаются от

того, что имеется у российской армии. Он чисто противосамолетный, в то время как его непосредственный аналог можно применять против всех нынешних летательных аппаратов, тактических, оперативно-тактических и крылатых



Накидалюк Эдуард Анатольевич полковник запаса Капелдлина выслуги 32 года 3 месяца

ракет. В настоящее время на вооружении состоят ЗРК С-400 «Триумф» и С-500 «Прометей», которые поставлены на боевое дежурство в войска воздушно-космической обороны РФ. Они способны сбивать искусственные спутники Земли или межконтинентальные баллистические ракеты. Данные комплексы ориентированы в основном на дальний перехват — когда цель летит в космосе со скоростью 8,5 км/с на дальности 600 км и более, -

повествует Эдуард Анатольевич.

Как объясняет директор музея, безопасность воздушных рубежей стран СНГ обеспечивает система раннего ракетного предупреждения — ее задача заключается в том, чтобы сканировать околоземное пространство и в определенной точке произвести захват и сопровождение тяжелых межконтинентальных баллистических ракет (МБР). На высотах до 100 км ракета разгоняется до скорости 3,5 км/с, от нее отделяются твердотопливные ускорители и атакующий боевой блок, который может нести от 2 до 12 ядерных боеголовок. При выходе на наивысшую точку орбиты, уже в безвоздушном пространстве при скорости 8,5 км/с, по цели начинают работать станции раннего обнаружения, производится селекция (то есть определяется боевая это цель или ложная). Когда ракета переходит на нисходящий участок траектории, без участия человека в автоматическом режиме, дается команда на пуск противоракеты дальнего перехвата. Она уничтожает боевой блок еще до разделения его на боеголовки — в этом случае ядерный взрыв не происходит, подчеркивает Эдуард Анатольевич.

В данный момент, благодаря соглашениям, заключенным между Россией и Казахстаном, на полигоне в Прибалхашье продолжают испытываться новые противоракетные системы. И важность этого сотрудни-



чества сложно переоценить. В результате деятельности ученых и конструкторов системы ПРО получили развитие не имеющие аналогов техника и оборудование, конструкционные материалы и пороха сверхскоростного горения, средства связи, а также другие направления науки и техники, достижения которых служат делу обеспечения национальной безопасности наших стран, являются залогом крепкого и прочного союза, а также мирной жизни граждан.

Фархат КИНЖИТАЕВ.
Фото Думана КУРМАНГАЛИЕВА,
г. Приозерск

АҒАРТУШЫ АҚЫН АХМЕТ

ҰЛТЖАНДЫ АЗАМАТЫМЫЗДЫ ҚҰРМЕТТЕЙ БІЛЕЙІК



АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ 1872-1937ж.

Биыл қазақ халқына ағартушы, ақын, алғашқы жазушылардың бірі және бірегейі, ұлт жанашыры, қоғам және мемлекет қайраткері ретінде танымал Ахмет Байтұрсынұлының туғанына 150 жыл. Қазақ ұлтының дербес һәм тәуелсіз ел болуына зор үлес қосқан қайраткер туралы «Приозерский вестник» газеті өзінің оқырмандары мен жас ұрпаққа габрият қалдыруды өзінің міндеті деп санайды.

Ахмет Байтұрсынұлының азамат, қайраткер ретінде қалыптасуына зор ықпал еткен ХХ ғасырдың ол жақ, бұл жағындағы қоғам дамуы мен оның қайшылықтары, ұлт аймақтарындағы өзгенің күшеюі, сол уақыттағы қазақ халқының тағдыры жөнінде ой қорытудан бастады. Патша үкіметіндегі чиновниктермен қақтығысқа келгені үшін әкесі мен ағасының сотталып, жер аударылуы, жазалаушы отрядтың елге жасаған зорлық-зомбылықтары жас Ахметтің жүрегіне жара боп түсті. Осы жара ұлға келе, оны күрес жолына дайындағанын біз ақынның өз өлеңдерінен білеміз. Түрмеде жатып анасына жазған хатында келтірген осы бір жолдар жас жүрекке түскен жараның үлкен азаматтық, адамдық дертке ұласуын әдемі бейнелейді. Азамат ұл сол дерттің халық басына түспеуін, одан азат болуды армандайды. Алайда, Ахмет көрген ел әлі ұйқыдан оянып болмаған, ынтымағы жоқ, алауыз, сөз тыңдауға салғырт, берекесіздікке ұйыған қауым еді. Сондықтан ол өлеңін «Маса» етіп жұмсап, ел құлағына барып ызындап, ұйқыдан оятуға пайдаланды. Атақты «Маса» жинағы осылай туды. Ахметтің ақындықты өнері, «Маса» мен «Қырық мысал» кітаптары осы күнге дейін тиянақты зерттелген емес. Ол жайлы мақалалар, көбінесе, автордың тарихи еңбегін көрсетуге, жеке шығармашылығын шолуға арналады. Сондықтан біз бүгін Ахметтің аудармаларын қоспай, оның төл өлең-туындыларын негізінен «Маса» жинағына байланысты сөз етуді мақсат тұтамыз.

Бұл өлең бізге болашаққа жол ашуға шырақ болып жанып тұрады емес пе?! «Масаға» кірген өлеңдер жоғарыда сөз болғандай авторды толғандырған, сол дәуірдің өзекті мәселелерін сөз етеді. Ақын сол кездегі қазақ қоғамының даму жағдайларына, жерлерінің күн көріс, тіршілігіне сын көзбен қарайды. «Тар көрдің қуысына тығылып отырған», «пайдасы өз басынан арылмайтын, тұрмысында мол құрлы мағына жоқ» туыстарын сынға алады. Ақынның ойшылдық, суреткерлік бейнесі оның «Қазақ салты», «Қазақ қалпы», «Жиған-терген» сияқты өлеңдерінде айрықша танылады. Осы жолдардағы бейнелікке көңіл аударып қарайықшы! Сахараның көлге қонып салқындап, еркін ұшқан қазы өртке душар болып, тәнінде шарпылмаған жер қалмаған! Отаршылықтың өрті ғой бұл! Осыған қарсы тұрар кім бар, өрт сөндіре алар қазаққа күш бар ма?». Ақынды осы ойландырады. Қандай ұлы адамды алсаңыз да, оның ұлылығы, ең алдымен, туған халқына деген көзқарасынан танылады. Ол сол ортадан шығып, халқын ілгері бастауды армандайды, бірақ оны соңынан ерте алмай, күйінеді, оған ашу-ызасын арнайды, айналып кете алмай, орала береді. Күрес жолында кездескен қиындық тар, жазықсыз қамау түрме жағдайындағы өмір мен оның мәні,

күрестің мазмұны мен мақсаты жөнінде ойландырмай қоймайды. Бір мезгіл ол жазықсыз жанды ұстатқан қара ниетті адамдарды еске алады. Бірақ олардың ісін кек тұтпайды, надандықтан көреді.

Заманның әділетсіздігі, содан туатын көңіл-күй әсерлері Ахметтің «Жауға түскен жан сөзі», «Бақ» сияқты өлеңдерінде мейлінше шыншылдықпен, ойлы толғаммен суреттелген. Өмірдің қайшылықты құбылыстарының философиялық ол жанды құбылыстар арқылы түсіндіреді. Өмір өзгермелі, айнымалы. Бақ дегенде байлау жоқ. Пәле аңдушыға, жала қабаған төбетке айналған. Айнала жемтік аңдыған сауысқан, қарға, қарақұс. Жұрттың бәрі осы заманда түп-тамырымен өзгерген. Ахмет Байтұрсынұлы қазақ балаларын ел қатарына қосылып, білім алуына 1896-жылдары көңіл бөле бастады. 1905-жылдары Ресей «Кіндік үкіметіне» жазылған шығармаларында редакторы болып «Қазақ» газетін шығарып, оның бетінде мәселелер көтеруінен, қазақ балаларын ана тілінде сауаттандырып, әрі ана тілінде оқыту үшін жүргізген күресінен, ең соңғысы сол ана тілінде оқытатын оқулықтар жазуынан, халық ағарту кадрларын дайындап, жас қазақ интеллигенциясы өкілдерін баулуынан танылады.

Ахмет Байтұрсынұлының үстіміздегі ғасырдың алғашқы онжылдықтарындағы қазақ қауымы көшінің рухани басшысы етіп танылған – оның қазақ халқын «іргелі жұрт» қатарына қосу үшін жүргізген күресі және сол күресте ұстанған бір қаруы – ағартушылық идеясы болды. Оқу-ағарту идеясы – Ахмет Байтұрсынұлының әлеуметтік қызметінің арқауы, азаматтық борышының негізі, идеологиялық платформасының тіреуі. Бұл форманы мықтап ұстауға итермелеген оның туған халқының тағдырын ойлаған ХХ ғасырдың басындағы қазақ қоғамы жатқан отар ел болатын. Халқы үшін сол кездегі ойшылдардың көзімен көріп, сөзімен айтқанда, бұл тұстағы қазақ халқы «көгі қараңғы, көңілі ұйқылы, еспесі жоқ қайғы қалтылдақ, малы талауда, жаны қамауда» болған «қайран ел, қайран жұрт» еді. Қазақ халқын әлеуметтік теңдікке, азаматтық мәдениетке жеткізетін, амал-әрекеттің бастысы «түгел қазақты» сауатты етіп, көзін ашу, «наландық, өнерсіздік ата жолдасымыз болған соң, олжалы жерде үлестен қағылғанымыз, ордалы жерде орыннан қағылғанымыз, жоралы жерде жолдан қағылғанымыз – бәрі надандық сипаты» деп ойлауға итермеледі ағартушы-ақынды.

Халықты ағарту мектептен, баладан басталады. Ахмет Байтұрсынұлы қазақ балаларының әйтеуір көзі ашылып, сауатты болуын ғана емес, тек ана тілінде сауаттануын, содан соң барып өзге ұлт мәдениетіне, тіліне қол созуды принципті талап етті. 1913-жылдың өзінде ол «Қазақ» газеті мінбесін пайдаланып, қазақ қоғамына оқу-білімнің қажеттігін халықтың экономикалық тұрмыс жағдайымен байланыстырып дәлелдейді. Ахмет бұдан ғасырға жуық уақыт бұрын байқап-түйгендері, айтқан пікірлері дәл бүгінгі күні айтылып жатқан проблемаларымызбен үндес келеді. «Қазақ жерінде өндіріс жоқ, шикізатын сатады, сол шикізатынан жасалған өнімді екі-үш есе қымбат түрде сатып алады. Бұл надандықтан келген кемшілік» деп жазды «Қазақ» газетінде. Надандық деп отырғаны – халқының білім-ғылымнан қалыс келе жатқандығы. Қалыс қалуға үлкен себеп – қазақ жерінде мектептер аз, сол аз мектептердің өзінде мұғалімдер жетіспейді, ұлт кадрларын даярлайтын орындар жоқ дейді. Демек, қазақ халқы қараңғы дегенде, кінә халықта емес, сол қараңғылықтан қтқаратын мүмкіндіктердің жоқтығында екендігін «алты миллион қазаққа алты ат жегіп, тарта алмады деп өкпелеу жөн бе!» деп бейнелі түрдегі тілмен білдіреді.

Халық қамын жеген, ел болашағын күйттеген ұлтшыл тұлға туралы айтатын да, жазатын да сөз көп. Осы жазған шағын мақаламыздың өзі Ахмет Байтұрсынұлының болмысы мен қабілет-қарымын, қайраткерлігін, азаматтық ұстанымын аңғартса керек. Сондықтан ұлт көсемінің бірі болған, «Алаш» партиясының ұйымдастырушысының бірі болған тұлға жайлы қаламызда еске аларлық іс-балалар ұйымдастырылып, 150 жылдығы аталып өтеді деп ойлаймыз һәм үміттенеміз.

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ

Қазақтың интернационалист, патриот азаматы Дәлелбек Адамбекұлының қайтқанына биыл 28 жыл толады. Қайран қазақтың ұлтжанды азаматы – ай!

Бүгінде Приозерск қаласындағы қазақ мектебінің ашылуына бар күш-жігерін салған Дәлелбекті біреу білсе, біреу білмейді...

2009-жылы Приозерск қаласының әкімі Бікіров Нұрлан Нұрғазыұлына, Дәлелбекке «Приозерск қаласының құрметті азаматы» атағын беру туралы ұсыныс жасаған болатынбыз. Ол ұсынымызға артынша қала әкімінен Приозерск қаласының мәслихатына жіберіп, қолдау білдіргені туралы хатын алып қуанып қалдық. Дегенмен, сол өтінішіміз аяқсыз қалып, уақыт шіркін тұрсын ба, 13 жыл зымырап өте шықты.

Еске ала кетейік, Сүлейменов Дәлелбек Адамбекұлы 1959-жылы 30-шілде күні Шығыс қазақстан облысы, Тарбағатай ауданы, Ласты ауылында дүниеге келген. 1974-жылы орта мектептің сегізінші сыныбын үздік бітіргеннен кейін, Республикалық физика-математикалық мектебінде оқиды. Әрі қарай С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің механика және қолданбалы математика факультетіне оқуға түсіп, 1981-жылы бітірісімен, Қарағанды жобалау-монтаждау басқармасының Приозерск қаласындағы бөліміне инженер мамандығы бойынша қызметке кіріседі. Приозерск қаласы әскери қала болғандықтан, қызмет орны КСРО Қорғаныс Министрлігіне қарасты болды. Қызмет ете жүріп әскери бөлімдердің атынан спорттық жарыстарға қатысып, жүлделі орындарға ие болған.

Мектеп қабырғасында жүріп спортпен айналысып, Дзю-до, самбодан жарысқа қатысып жүлдегер атанады. Университетте оқып жүргенде кезіндегі туризм және спорт министрі болған, Досмұхамедов Темірхан жаттықтырушысы болған екен.

Дәлелбек өзінің іскерлігінің арқасында аға инженер, бөлім бастығы, жауапты қызметкер, директордың орынбасары қызметіне дейін көтеріледі.

1993-жылы Приозерск қаласының кеден бастығы болады.

Сол жылы тамыз айында қазақ тілінде білім беретін сынып ашуды қолға алады.

Жергілікті басшылардан қолдау болмаған соң, өзімен ниеттес ата-анамен, ойланбастан Алматы қаласына Білім Министрлігіне барып, сол кезде жиналған алты балаға қазақ класын ашуға рұқсат алып келеді. Келесі жылы алты баланың саны он үш балаға жетеді, кейін осы аралас мектеп қазақ мектебі болды. Бастапқы жылдары мектепке оқушылар қабылданарда жергілікті телеарнадан хабарландырулар беріледі, 1994-жылға дейін хабар тек орыс тілінде беріліп келген, қазақ тілінде хабарландыру беруге телеарна директоры марқұм Абдуллаев Нұржан ағайдың (Приозерск қаласының құрметті азаматы) көмегі көп тиген. Қазақ тіліндегі сынып ашылғаннан кейін 1993-1994 оқу жылында аптасына бір рет «Қазақша үйренеміз» атты хабар беріліп тұрған. Хабарға жаңа ашылған қазақ сыныбының оқушылары мен орыс сыныбының екі оқушысы қатысқан. Бұл хабарды Сарышаған, Тасарал елдімекендері де көретін. Хабардың редакторы – Лясникова Татьяна, операторлары, дыбыс режиссерлары түгел орыс азаматтары болатын.

Осындай ұлтжанды азаматтың есімі ұмытылмау керек деп ойлаймын.

Дәлелбек өмірден өткеннен кейін сол кездегі полигон басшысы В.А.Корниенко мен көмекшісі Ф.С.Лохматов қала әкімшілігі арқылы қала үшін істеген еңбектерін бағалап ескерткіш тақта орнатып, қаладағы бір көшеге атын беруді ұсынамыз деген еді – деп еске алады жұбайы, Алмағұл.

Бүгінде Дәлелбек Адамбекұлының аштырған бар болғаны алты баладан тұратын қазақ сыныбы мыңнан астам оқушылары бар үлкен қазақ мектебіне айналды.

Бұрын қазақ мектебінде Дәлелбек Адамбекұлына арналған арнайы тақта болатын, бүгінде жоқ.

2023-жылы қаладағы қазақ мектебінің ашылуына бастау болған қазақ сыныбының ашылғанына 30 жыл толады екен. Әлде де болса Сүлейменов Дәлелбек Адамбекұлына «Приозерск қаласының құрметті азаматы» атағын беруді қолға алсақ, ұлтжанды азаматымызға жасалған құрмет болар еді.

Кенесова Ж.К.,
Приозерск қаласының
жоғары санатты архившісі

Семинар-совещание

ПРОФИЛАКТИКА ОСОБО-ОПАСНЫХ И КАРАНТИННЫХ ИНФЕКЦИЙ

На прошедшей неделе в здании городской больницы Приозерским городским управлением санитарно-эпидемиологического контроля.

В ходе семинара была прочитана лекция по профилактике особо-опасных и карантинных заболеваний, о методах их предупреждения.



демологического контроля для медицинских работников КГП Центральная больница г.Приозерск был организован семинар-совещание на тему профилактики особо-опасных и карантинных инфекций, а также проведение тренировочное занятие по правилам применения противочумного костюма.



Приозерское городское управление санитарно-эпидемиологического контроля.

Шығармашылық байқау

Өткен аптаның жұма күні, мамырдың 20-жұлдызында қаламыздағы «Достық» балалар мен жасөспірімдер шығармашылығы орталығының концерт залында «Жыл мекемесі-2022» фестивал-байқауының алғашқы шығармашылық байқауы болып өтті.

Ісшараны ұйымдастырушылардың жеребе тарту арқылы белгілеп, кестеге түсірген шарты бойынша жарысқа түсуші командалар анықталған еді. Осыған орай алғашқы байқауға Приозерск қаласы білім бөлімінің «BLIMLAND» аталған құрамасы және № 2 жалпы білім беру мектебінің «4К» командасы арасында өткен байқауға қаланың өнерсүйер тұрғындары, мекемелер мен кәсіпорындар басшылары, командалардың жанкүйер ұжымдары келді. Сондай-ақ қала әкімі Сапар Қайыркенұлы Сатаев, «Аманат» партиясы қалалық ұйымының жетекшісі Дулат Орынбасарұлы Дүйсембаев және қалалық мәслихат хатшысы Бекзат Мұқсинұлы Сәрсембеков байқауды арнайы келіп тамашалауға қатысты.

Ұйымдастыру алқасының таңдауы және ұйғарымымен сайланған әділ қазылар алқасы: қазылар алқасының төрағасы Талғат Маратұлы Қариев – жеке кәсіпкер, республикалық және облыстық эстрадалық орындаушылар конкурстарының лауреаты, Алма Сейтжапарқызы Абилиндинова – жеке кәсіпкер, Приозерск қаласының қоғамдық кеңесінің мүшесі, Жеңіскүл Кемалқызы Кеңесова – Приозерск қаласы мемлекеттік мұрағатының жоғары санатты мұрағатшысы, еңбек өтілі бар мәдениет қызметкері, Роза Ақылбайқызы Дәнеғұлова – Приозерск қалалық қоғамдық кеңесінің хатшысы,

«ЖЫЛ МЕКЕМЕСІ-2022» БАЙҚАУЫ БАСТАЛДЫ

(Байқаудың алғашқы қойылымынан)

Жарас Қармысқызы Қармысова – Приозерск қаласының Аналар кеңесінің мүшесі, көп балалы ана, Тиранова Надежда Александровна – кітапханашы, мәдениет саласының қызметкері, Нұрғали Қыдырмұратұлы Қарабектегі – акын, Қазақстан жазушылар ода-

«BLIMLAND» командасы өз өнерлерін паш етуді халықтық ұранға айналған «Атамекен» әнімен бастап сахна шымылдығын ашты. Байқау шартында көрсетілген музыкалық сәлемдесу, шығармашылық бес музыкалық нөмірлер, әзіл-сықақ сахналық көсетілім бойынша жеті талапты жақсы орындап шыққан «BLIMLAND» ұжымы қазылар тарапынан жақсы бағаланды. Әсіресе команданың сахналық киім үлгісі, музыкалық сәлемдесу-таныстыруы, қасиетті домбырады шырқалған «Көңінің мөлдірін-ай» әні, әртүрлі ұлттардың билерінен құралған би нөмірі және кuartеттің шырқаған «Бұлқынды жүрек» әні қазылармен қатар көрерменді де тәнті етіп, қошеметке лайық болды.

Екінші болып сахнаға шақырылған № 2 жалпы білім беру мектебінің «4К» командасы алғашқы сәлемдесу-таныстыру нөмірі арқылы-ақ көремен мен қазыларға үлкен әсер берді. Атап айтқанда бұл ұжымның өздерінің ұстаздық мамандықтарына сай киім үлгісі, хормен шырқалған «Қазақстаным» әні, төрт кісілік топтың өленді мәнере оқуы, би мен күйі және сахналық әзіл-сықақ қойылымы – бәрі де жарасымды хәм кәсібилік тұрғыдағыдай көңілдерді көншітті. Әсіресе «Дипломмен – ауылға» қойылымындағы орындаушылардың шеберлігі, әзілге қала өміріне байланысты сөздер мен мысалдарды үйлестіріп,



ғының және Қазақстан Журналистер одағының мүшесі. Аталған қазылар екі айдан астам уақыт, яғни қала күні мерекесіне шейін өткізілетін шығармашылық байқаудың барлығына тұрақты төрешілік ететін болады.

Бірінші болып сахнаға көтерілген



орынды қолдануы көремендерді күлкіге қарық қылды. Қойылымды әнмен жалғастырып кетуі керемет үйлесім тапты.

Жалпы екі команданың да байқауға тыңғылықты дайындалғандары көрініп тұрды. Алайда, қандай жарыста да негізінен бір мықты, бір оза шабатын жүйрік болатындай, алғашқы шығармашылық байқауда № 2 жалпы білім беру мектебінің «4К» командасы қазылар тарапынан жоғары бағаланды.

Н. ӨТЕП,

Суреттерде: байқаудан көріністер.



СЕНІМ ТЕЛЕФОНДАРЫ



ТЕЛЕФОНЫ ДОВЕРИЯ



«Приозерск қалалық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесі сенім телефоны 5-49-16

Мәслихат хатшысы азаматтарды жеке мәселелері бойынша күн сайын, демалыс күндерінен басқа, сағат 17.00 ден 18.00 ге дейін қабылдайды.

Телефон доверия ГУ «Аппарат Приозерского городского маслихата» 5-49-16

Секретарь городского маслихата принимает граждан по личным вопросам ежедневно с 17.00 по 18.00 часов, кроме выходных ***

«Приозерск қаласы әкім аппараты» ММ сенім телефоны 5-41-97

Азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты: Қала әкімі - әр аптаның дүйсенбі күні сағат 17.00 ден бастап. Әкім орынбасары (коммуналдық сала) - әр аптаның сейсенбі күні сағат 17.00 ден бастап. Әкім орынбасары (әлеуметтік сала) - әр аптаның сәрсенбі күні сағат 17.00 ден бастап.

Аппарат басшысы, Әдеп жөніндегі уәкіл-апта сайын бейсенбі күндері сағат 17.00-ден 18.00-ге дейін

Телефон доверия ГУ «Аппарат Акіма города Приозерск» 5-41-97

График приема граждан: Акім города - еженедельно по понедельникам с 17.00 часов
Заместитель Акіма (коммунальная сфера) - еженедельно по вторникам с 17.00 часов
Заместитель Акіма (социальная сфера) - еженедельно по средам с 17.00 часов.
Руководитель аппарата, уполномоченный по этике - еженедельно по четвергам с 17.00 до 18.00 часов

«Приозерск қаласының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесінің сенім телефоны 5-30-82

Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты - сейсенбі күні сағат 17.00 ден 18.00 ге дейін

Телефон доверия ГУ «Отдел внутренней политики, культуры и развития языков города Приозерск» 5-30-82

График приема граждан по личным вопросам руководителя отдела – по вторникам с 17.00 до 18.00 часов ***

«Приозерск қаласының тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жөлаушыларкөлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ сенім телефоны 5-38-76

Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты - күн сайын сағат 17.00 ден 18.00 ге дейін.

Телефон доверия ГУ «Отдел жилищно - коммунального хозяйства, пассажирского транспорта, автомобильных дорог и жилищной инспекции города Приозерск» 5-38-76

График приема граждан руководителем отдела ежедневно с 17.00 до 18.00 часов. ***

«Приозерск қаласының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ сенім телефоны: 5-32-48

Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты - күн сайын сағат 17.00ден бастап.

Телефон доверия ГУ «Отдел земельных отношений, архитектуры и

градостроительства города Приозерск»: 5-32-48

График приема граждан руководителем отдела ежедневно, с 16.00 часов. ***

«Приозерск қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің сенім телефоны 5-38-70.

Бөлім басшысының азаматтарды жеке қабылдау уақыты - күн сайын сағат 17.00-ден 18.00-ге дейін.

Телефон доверия ГУ «Отдел занятости и социальных программ города Приозерск»: 5-38-70.

График приема граждан по личным вопросам руководителя отдела – ежедневно с 17.00 до 18.00 часов. ***

«Приозерск қаласының білім бөлімі» ММ сенім телефоны: 5-32-92

Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты сәйсенбі күні: 16.00 ден 18.00-ге дейін

Телефон доверия ГУ «Отдел образования города Приозерск» 5-32-92

График приема граждан руководителем отдела вторник: с 16.00 до 18.00 часов ***

«Приозерск қаласының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі» ММ сенім телефоны 5-32-99, 5-33-81

Бөлім басшысының азаматтарды қабылдау кестесі - сәрсенбі сағат 17.00ден 18.00ге дейін.

Телефон доверия ГУ «Отдел предпринимательства и сельского хозяйства города Приозерск»

5-32-99, 5-33-81

График приема граждан руководителем отдела - среда с 17.00 до 18.00 часов ***

«Приозерск қаласының құрылыс бөлімі» ММ сенім телефоны 5-20-17

Бөлімнің басшысының азаматтарды қабылдау кестесі –дүйсенбі – жұма сағат 17.00 ден 18.00 ге дейін.

Телефон доверия ГУ «Отдел строительства города Приозерск» 5-20-17

График приема граждан руководителем отдела - понедельник – Пятница с 17.00 до 18.00 часов ***

«Приозерск қаласының дене шынықтыру және спорт бөлімі» ММ – нің сенім телефоны 5-40-95.

Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты:әр аптаның дүйсенбі күні сағат 17.00 ден бастап.

Телефон доверия ГУ «Отдела физической культуры и спорта города Приозерск» 5-40-95.

Личный прием граждан руководителем еженедельно по понедельникам с 17.00 часов ***

«Приозерск қаласының экономика және қаржы бөлімі» РММ сенім телефоны: 5-24-87

Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты - күн сайын сағат 17.00ден бастап.

Телефон доверия ГУ «Отдел экономики и финансов города Приозерск» 5-24-87

График приема граждан руководителем отдела - ежедневно, с 17.00 часов.

Меншік иесі: «ЖК А.В. Струментов».

«Приозерский вестник» газеті Қазақстан Республикасының Байланыс және ақпарат министрлігінде 15.03.2004 ж. №4843-г тіркелген, 24.12.2018 ж. № 17414-Г МББ қайта тіркеу туралы куәлігі. Редакцияның мекен-жайы: 101100 Приозерск қаласы, Космонавттар көшесі, 5 үй, 106-107 оф.

Анықтама телефондары: +7-705-981-86-79 (бас редактор), +7-702-604-02-60 (тех. редактор). E-mail: prz_westnik@mail.ru; instagram: https://shortlinks.plus/zmsid, fb:https://shortlinks.plus/qfbKi Газет Қарағанды қаласы, Сәтпаев көшесі 15, "Арко" ЖШС-де басылды. Тапсырыс № 21/769. Таралымы: 500 дана, көлемі-1 б.т., пішімі - А2, 4 бет.

Бас редактор: Б.А.Кенжебеков.

Техникалық редактор: А.В.Струментов. Жеке хабарландырулар мен жарнама беру үшін мына телефонға хабарласыңыз: +7-705-466-60-63 Хат-хабар мына электрондық мекенжайға қабылданады: prz_westnik@mail.ru

Хаттар, қолжазбалар, фотосуреттер мен суреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды. Келтірілген фактілердің, статистикалық деректердің, тиісті атаулардың, географиялық атаулардың және басқа да деректердің дәлдігі үшін жарияланым авторлары жауапты болады. Редакция жарнаманың мазмұны үшін жауап бермейді. Авторлардың пікірі редакцияның пікірімен сәйкес келмеуі мүмкін. Редакцияның келісімінсіз материалдарды қайта басуға тыйым салынады.

Газет газет-журналдарды сататын орындарда (баспа киоскілері, дүкендер, базарлар), редакцияларда және Приозерск қаласындағы жеке таратушыларда таратылады. Сондай-ақ облыстың барлық қалалары мен аудандарында жазылу бойынша.

Жазылу индексі - 65041